

**«Ж.Бәрібаев атындағы орта мектебі МДШО»МКМ-нің
2024-2025 оқу жылында үйде оқитын оқушы Әсет Нұрназарға
І-жартыжылдық бойынша атқарылған жұмыстар жайлы есебі**

Сынып: 2

Оқушының аты-жөні:Әсет Нұрназар

Сынып жетекшісі: Тойбаева Галия Куановна

Қорытынды: Зиятының жеңіл бұзылуы:жалпы сөйлеу тілінің бұзылуы;жалпы сөйлеу тілінің дамымауының 2 деңгейі.

2-сыныптаа бір оқушы, Әсет Нұрназар денсаулығына байланысты үйден оқиды. Математика пәні 2-сағат, қазақ тілі 2-сағат, оқу мен тіл дамыту 1-сағат, айналадағы әлем 0,5-сағат, қол еңбегі 0,5 сағат. Математика пәні Алматы баспасы 2019ж.

оқулығымен,авторлары:Р.А.Сүлейменова.,И.Г.Елиссеева,Ш.Ж.Карипжанова,Қазақ тілі пәні Алматы баспасы,2019ж. К.М.Бекмұхаметова.,А.К.Биисова.Оқу және тіл дамыту Алматы баспасы

2019ж.Авторлары:К.Б.Бектаева,Г.Ж.Букежанова,Ж.Ж.Нұрсеитова.Айналадағы әлем пәні бойынша Алматы баспасы 2019ж. Авторлары:З.А.Мовкебаева. Д.С.Хамитова.Қол еңбегі Б. С. Халыкова, А. Қ. Рсалдинова, Н. Ю. Юлдабаева. – Алматы, «ӘБЕО орталығы» ЖШС.оқулықтарымен жұмыс жүргізілді.Оқулықтағы негізгі мәселерді басшылыққа ұстап,пәндер бойынша жасалған күнтізбелік жоспарларға негізделе отырып,сабақ жоспары жеңіл түрде құрылды. Қазақ тілі пәнінен дауысты дыбыстар, заттың атын білдіретін сөздер, буын,тасымал тақырыптарымен танысты.

Оқу және тіл дамыту пәні бойынша жыл мезгілдері, жемістер мен көкөністерді ажырата білді.

Математика пәні бойынша арты-кем,нөлмен азайту,қосу, 6 саны жайлы түсінік алды.

Айналадағы әлем пәні бойынша өзі туралы ,аты-жөні,отбасы жайлы айта білді. Сыныптастары, мектеп, оқу құралдары жайлы түсінік алды.Қол еңбегі сабағында ермексазбен жұмыс істеу арқылы созу, илеу, жапсыру қабілеті арта бастады. Конструктор арқылы пішіндер құрастырды.

Сабақты бастамас бұрын мұғалім сергіту жаттығуын орындатты, жағымды көңіл-күй туғызды.Өлең шумақтарын атқызып отырды.

Әсет Нұрназардың І-тоқсан қорытындысы бойынша жалпы тәртібі көңіл-күйі жақсы болды. Сабаққа ынтасы төмен.Сабаққа қызығушылығын арттыруда көрнекіліктер мен әр түрлі тапсырмалар берілді. Сурет бойынша әңгімелер жүргізіп отырды.Қызықты тапсырмалар орындалды.Тапсырмаларды орындауда мұғалімнің көмегін қажет етеді.Орындалған тапсырмаларды тез ұмытып қалады. Зейін қойып тыңдай алмайды. Тез ұмытып қалады.

Қазақ тілі бойынша дауысты, дауыссыз дыбыстарды ажыратады, тек дауыссыз дыбыстардың түрлерін шатастырады. Кейбір сөздерді анық айта алмайды.

Өткен сабақтың кейбір жерлерін кейде ұмытып қалады, есте сақтау қабілеті төмен. Оқу үстелінде ұзақ отыра алмайды. Теледидар көргенді ұнатады. Футбол ойнағанды жақсы көреді.

Жазба жұмыстарын менің көмегіммен орындайды, яғни Нұрназар жауабын ауызша айтады, мен жазамын. Түстерге байланысты әр түрлі бояу түрлерімен суреттер салынды. Әр сабақ сайын саусақ жаттығулары, артикуляциялық жаттығулар жасалды. Әр сабақ сайын санауды қайталаймыз.

Математика сабағында ойын методикасын қолданамын.


Санамақ ойыны ойнатылды, саусақпен және санамақ таяқшалары арқылы түстерді ажырата отырып санауға, таяқшаны түстеріне қарай атап біріктіру арқылы санау үйретілді. Сабақтарда ауызша орындығынды ұнатады. Жазбаша жазуда қиналады. Қолының икемі жазуға келмейді. Оқуда қиналады. Мұғалім оқыған мәтіннің мазмұнын түсінеді және мәтін бойынша қойылған сұрақтарға жауап береді. Өздігінен оқи алмайды. II-тоқсанда үйде оқытылатын оқушының сабақтары кестеге сйкес өткізілді. Өзгерістер мен жіберілген сабақтар болған жоқ. Бақылау күнделігі мен ата-анамен байланыс дәптері үнемі толытырылып отырды.

Қазақ тілі пәнінен заттың қимылын, сынын, санын білдіретін сөздермен танысты. Оқу және тіл дамыту пәні бойынша отбасы, қыс мезгілі жайлы тақырыппен танысты. Өз отбасы мүшелері жайлы, аты-жөндері туралы айта алды. Математика пәні бойынша 7,8-саны жайлы түсінік алды. Осы сандармен қосу және азайту амалдарын орындады.

Айналадағы әлем пәні бойынша өзі туралы отбасы жайлы айта білді. Күз мезгілі мен қыс мезгілінің ерекшеліктерін білді. Қол еңбегі сабағында ермексазбен жұмыс істеу арқылы созу, илеу, жапсыру қабілеті арта бастады. Әсет Нұрназардың II-тоқсан қорытындысы бойынша жалпы тәртібі көңіл-күйі жақсы болды. Сабаққа ынтасы төмен. Сабаққа қызығушылығын арттыруда көрнекіліктер мен әр түрлі тапсырмалар берілді.

Сабақ барысында оқушының қызығушылығын арттыру мақсатында түрлі көрнекіліктер, карточкалар, жұмыс парақшаларын қолдануға тырыстым. Оқушым ауызша тапсырмаларды орындайды, қойылған сұрақтарға жауап береді. Қолының жазу дағдысы қалыптаспағандықтан әлі жаза алмайды. Мұғалім мәтінді оқып береді, бала ауызша сұрақтарға жауап береді. Сабақты себепсіз босатпайды. Мінезі тұйық, көңіл – күйі тұрақты. Өзіне – өзі қызмет ете алады. Қойылған талаптарды қабылдайды. Эмоциялары: мазасыз, әр нәрсеге шыдамдылық таныта білмейді. Сабақта жүгіру, шулау, қатты сөйлеу деген сияқты жаман қылықтарды көрсетпейді. Қоршаған орта туралы түсінігі мол, айналасындағы адамдармен тіл табыса алады.

Сынып жетекші:



Тойбаева Г.К.